



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 106в

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106 P020106_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 8-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-т а р м а қ т а :

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомашиналар сатып алу: "Қазақстан Республикасының Президенті Іс

Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны үшін - тоғыз "Мерседес-Бенц" Е 200, үш "Мерседес-Бенц" S 320 L; "Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны үшін бір "Мерседес-Бенц" S 320 L және отыз ГАЗ 3110-411 "Волга".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК